

Қала әкімдігінің "Жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыру құқығына ашық тендер туралы" 2001 жылғы 15 тамыздағы N 21 қаулысына өзгерістер енгізу туралы (тіркеу нөмірі N 425, 2001 жылғы 17 тамыз)

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 18 тамыздағы N 365 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 8 қыркүйекте N 1008 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010 жылғы 29 қаңтарда N 74 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010.01.29 N 74 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 8-тармағына, "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі N 476 Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 1-тармағына сәйкес Петропавл қаласы маршруттарында жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыру рәсімдерін тәртіпке келтіру мақсатында қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қала әкімдігінің "Жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыру құқығына ашық тендер туралы" 2001 жылғы 15 тамыздағы N 21 қаулысымен бекітілген (тіркеу нөмірі N 425, 2001 жылғы 17 тамыз), 2001 жылғы 30 тамыздағы N 35 (745) "Трибуна" газетінде жарияланған Петропавл қаласы маршруттарында жолаушылар көлігімен қызмет көрсету шартына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) кіріспе сөзбасындағы "Петропавл қаласы әкімінің аппараты" сөздері "Петропавл қаласының әкімдігі" сөздерімен ауыстырылсын;

2) тармақ келесі мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын: "Автобустардың (шағын автобустардың) саны _____ бірлік"; "Автобустың (шағын автобустың) тұрпаты (сынып) _____".

"Жолаушылар тасымалдау тарифі _____ теңгені құрайды және заңмен белгіленген тәртіпте қайта құрылуы мүмкін".

3) 2.1.7.тармағындағы автобустарда, троллейбустарда" сөздері алынып т а с т а л с ы н ;

4) 2.1.9.тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын: "2.1.9. Жүру құжаттарын (билеттерді) жолаушыларға сату бақылаушылар арқылы (автобустар үшін) және/немесе тікелей жүргізушімен, көлік құралын басқарушымен (шағын автобустар үшін) жүзеге асыру, жүргізушілер мен

кондукторлардың жолаушылармен жүйелі жұмыс істеуін қамтамасыз ету (аялдамаларды хабарлау, жүру ережелерін еске алу");

5) мынадай мазмұндағы 2.1.13.тармақпен толықтырылсын:
"2.1.13. Жолаушылардың жүру құжаттарын (билеттерді) уақытында сатып алуларына бақылауды жүзеге асыру";

6) 2.2.3.тармақтағы "бұқаралық ақпарат құралдары арқылы" сөздері алынып т а с т а л с ы н ;

7) мынадай мазмұндағы 2.2.5.тармақпен толықтырылсын:
"2.2.5. Нормативтік құқықтық актілермен белгіленген жағдайда Мердігерге өтемақы төлеу, егер белгіленген тариф тасымалдау шығынын жаппаса, сондай-ақ жолаушылар мен жүктерді жеңілдетілген жағдайда немесе тегін тасымалдағанда"
;

8) 5.3.тармақтағы "және маршрут желісін ұстауға айлық соманы алдын ала төлеу" сөздері алынып т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулы әділет органында міндетті түрде тіркеуге жатады және оны ресми жариялаған күннен бастап күшіне енеді.

Қала әкімінің м.а.